

"Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 342 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 3 шілдеде № 267 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 шілдеде № 4278 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 қарашадағы № 284 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 05.11.2019 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 342 қаулысына (2015 жылғы 21 қазан "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3401 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген "Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайданануға келісімшарттар жасау, тіркеу және сақтау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу, оларды тіркеу және сақтау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану үшін берілген жер қойнауының учаскелеріне арналған сервитуттарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген "Болашақ құрылыс учаскелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

5) көрсетілген қаулымен бекітілген "Пайдалы қазбалар жатқан аландарда құрылыс салуға, сондай-ақ жинақталған жерлерде жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы 03 шілдедегі № 267 қаулысына
1-қосымша

"Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайданануға келісімшарттар жасау, тіркеу және сақтау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы

Р/с №	Облыстың жергілікті атқарушы органы	Жұмыс режимі
1	2	3
1	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы 03 шілдедегі № 267 қаулысына
2-қосымша

"Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу,

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы

Р/ с №	Облыстың жергілікті атқарушы органы	Жұмыс режимі
1	2	3
1	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 9- 00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30 -ға дейін.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы 03 шілдедегі № 267 қаулысына
3-қосымша

"Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау
және өндіру, барлаумен және өндірумен
байланысты емес жерасты құрылыстарын
салу және (немесе) пайдалану үшін берілген
жер қойнауының учаскелеріне арналған
сервитуттарды тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет регламентіне 1-
қосымша

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы

Р/ с №	Облыстың жергілікті атқарушы органы	Жұмыс режимі
1	2	3
1	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 9- 00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30 -ға дейін.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы 03 шілдедегі № 267 қаулысына
4-қосымша

"Болашақ құрылыс учаскелері астындағы
жер қойнауында пайдалы қазбалардың
жоқтығы немесе оның аз мөлшерде екендігі

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы

Р/ с №	Облыстың жергілікті атқарушы органы	Жұмыс режимі
1	2	3
1	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 9- 00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30 -ға дейін.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы 03 шілдедегі № 267 қаулысына
5-қосымша

"Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда
құрылыс салуға, сондай – ақ жинақталған
жерлерде жерасты құрылыстарын
орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет регламентіне 1-
қосымша

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы

Р/ с №	Облыстың жергілікті атқарушы органы	Жұмыс режимі
1	2	3
1	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 9- 00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30 -ға дейін.